

Әбдіжәміл Кәрімұлы Нұрпейісов

Жасаған: Муслюмканова Малика

Группа: Фк-81а

Тексерген: Гүлназ Серікқалиқызы



Өмірбаяны

- Әбдіжәміл Кәрімұлы Нұрпейісов (1924 жылы 22 қазан Қызылорда облысы, Арал ауданының Кұланды поселкесінің Үшкөң ауылы) – Қазақстанның халық жазушысы, XX ғасырда қазақ әдебиетіне зор үлес қосқан суреткерлердің бірі, қоғам қайраткері. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы ардагері, Оңтүстік және Прибалтика майданында, Луганск түбінде миномёт ротасында саяси қызметкер, кейін штабист ретінде Балтық маңында Курляндия плацдармындағы шайқастарға қатысқан

Отбасы





Шығармашылығы

Әбдіжәміл әдебиеттегі алғашқы қадамын бірден сүйекті жанр – романнан бастады. Ұлы Отан соғысынан жаңа оралған майдангер іштен тебіндеген албырт шабыты қолына қалам ұстатқанда, ақ қағазға алдымен қанды ұрыстан, өмір мен өлім айқасынан алған әсерін түсіреді. Ол әсердің молдығы сонша, әскерден босанысымен, төрт-бес жыл бойы табан аудармай істеген еңбегі «Курляндия» атты қалың романды дүниеге келтіреді (1950). Көркемдік бітімі көңіл тойғандай шықпады десек те, бұл шығарма әдебиетке өз қазынасымен, тың суреттерімен қосылды. Қазақ оқырманын окоп шындығына қанықтырып, жауынгер тірлігінің тереңінде жылап аққан ағысын, тыныс-лебін тікелей ұрыс шебінен елестетті. «Курляндия» кейін толықтырылып, әрі ықшамдалып «Күткен күн» (1958) атымен қайта шықты.

- Жазылған дүние шығарманың көркемдік сапасын жетілдіру мақсатында өнделді. Кейбіреулер «Курляндия» «сын көтермейтін нашар» шығарма десті. Авторының өзі тіптен тұқыртып: «...1947 жылы әскер қатарынан босанып қайтқан шала сауатты қалпыммен роман жаздым. Әрине, шала сауатты баладан шала сауатты роман шығатыны белгілі»^[4], – деп атүсті сынды растағандай болды. Жөнін айтқан – жазушы, сыншы Тахауи Ахтанов. «Курляндия» романында, – деп жазды ол, – жас жазушы ең алдымен өзінің талантын, шебер суреткерлігін танытты. Соғыс өмірін оқушылардың көз алдына көркем елестете білді.

Марапаттары

- Екінші дәрежелі Ұлы Отан соғысы, «Қызыл Жұлдыз» ордендері;
- «Еңбек Қызыл Ту» ордені;
- «Құрмет Белгісі» ордені;
- КСРО Мемлекеттік сыйлығы;
- Қазақ ССР-і Халық жазушысы. 200 томдық Бүкіләлемдік кітапхананы дайындап басып шығаруды жүзеге асыруға белсене атсалысқаны үшін, оның ішінде осы сериядағы Мұхтар Әуезовтың екі томдығына арналған алғысөзді мұқияттылықпен жазып шыққаны үшін РКФСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасы;
- Қазақстанның «Отан» ордені;
- 1985 жылы «Қазақ КСР халық жазушысы» құрметті атағы берілді.

“Қан мен тер”

трилогиясы

- Жазушының «Қан мен тер» романының дүниеге келу сыры осы сөздерде жатыр. «Қан мен тер» трилогиясын құрайтын «Ымырт» (1961), «Сергелдең» (1964), «Күйреу» (1970) романдарынан, атының өзінен-ақ байқалып тұрғандай, төбеден жарқырап тұрған күнді аз кезіктіреміз. Ал, жарқырап шақырая қалса, кейіпкерлері тағы бір тозаққа ілінді дей бер. Өзінің бас кейіпкері Еламан тәрізді туынды ұдайы дерлік томырылып, үнсіз-түнсіз тұнжырап түнерген қалпынан жазбайды. Соның өзінде де туған өлкеге деген сүйіспеншілік сезімінің орны бөлек.
Прозашының туған халқына, оның жазира даласына деген сүйіспендігі елінің кең қолтық мінезін, шалқар әнін, салқар көштей шұбатылған тарихын эпостық құзарға көтере суреттеуінен аңғарылады.
- «Қан мен тер» трилогиясы – ел, халық, оның әлеуметтік тағдыры туралы шығарма. Уақыты өзгергенімен, заманалық зәрулігі өзгермейтін туынды. Соңғы жетпіс жылғы алтын әдебиетімізді мысқа балағысы келетін қайсыбір неонигилист даңғойлар бұл романға тап күресін жазғандықтан ескірді деп мін де тақты.
- «Қан мен тер» трилогиясын қазіргі тәуелсіздік мұнарасынан, демократиялық көзқарас тұрғысынан оқығанда, оның қазақ шындығынан бұра тартқан жерін табылмайды. Қайта коммунистік үстем идеологияға қайшы пікірлерді жолықтырып, «бұны қырағы цензура қалай жіберді екен?» деп қалуға негіз бар.

- Адамзат һәм табиғат, қоршаған орта. Экология... Белгілі себептермен бұл тақырып идеялық-эстетикалық нысанасы басқа «Қан мен тер» романында көп өрістетілмегені түсінікті нәрсе. Адам табиғат-анаға тым қатыгез екендігін айтып үлкен бір әңгіменің шетін шығарды да (қолы жетсе, адам аспанды да былғайды), сол заматында тоқтайды. Бірақ басталған әңгіме аяқсыз қалған жоқ. Жалғасын жаңа шығармадан тапты. Атап айтқанда, маңызы зор экология әңгімесі, табиғат пен адам туралы толғаныс «Соңғы парыз» роман-дилогиясының (1999) өзекті тақырыбына айналды.
- Жанры жағынан «Соңғы парыз» дилогиясы «Қан мен тер» трилогиясымен қарайлас: әлеуметтік-психологиялық роман. Сонымен бірге ерекшелігі де бар. Ерекшелігі, кетеуі кеткен қоғамдық-саяси өмірді әжуалап әшкерелеуші роман-памфлет те.

КӨРКЕМ ФИЛЬМ
ҚАН МЕНТЕР
ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ ФИЛЬМ

А. Михалков-Кончаловский,
Р. Тюрин,
А. Мамбетов,
Ю. Мاستюгин



Рольдерде: А. Молдабеков, Т. Жаманкулов,
Г. Шайбекова, Ы. Ногайбаев, Ж. Кайырлиев,
Е. Евстигнеев, О. Видов.

**И
ЛОТ**



Автор сценария: А. Михалков-Кончаловский, Р. Тюрин,
Режиссеры: А. Мамбетов, Ю. Мастюгин,
В ролях: А. Молдабеков, Т. Джалмукулов, Г. Шайбекова,
И. Ногайбаев, Ж. Кайырлиев, Е. Евстигнеев, О. Видов

Ескерткіштер

- **2008** жылдың 14-қараша күні Ақтөбе қаласында "Қан мен тер" трилогиясының кейіпкерлеріне арналған Ерік Жауымбаевтың ескерткіші ашылды. Бұл Қазақстандағы әдеби туындының кейіпкерлеріне арналып жасалған алғашқы туынды. Ескерткіш Ақтөбе облыстық Сақтаған Бәйішев атындағы кітапхананың алдында орналастырылған. Мүсіндік композицияда "Беларан" аралындағы романның негізгі жеті кейіпкері және ит мүсінделген. Ескерткіш құны 324 000 АҚШ долларын құрайды. ^[14]





СОҢҒЫ ПАРЫЗ
Ә.Нұрпейісов



Әзілхан Нұршайықов

- Артық адал махаббат!
- Ол – өмірдің сәулесі,
- Ол – мәңгілік рахат.
- Тұрлаулы болса, әрине.



Ә.Нұршайықов





**Участник Великой Отечественной войны
старший сержант - артиллерист
Азильхан НУРШАЙХОВ. 1945г.**

Өмір жолы

- **Нұршайықов Әзілхан** (15.12.1922 жылы туған, Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы Келінсүйегі деген жер (Ақбұзау ауылы)) – ҚР халық жазушысы. Алматы қаласындағы Тау-кен институтында, Семейдегі қазақ педагогикалық училищесінде, педагогикалық институтында оқыған. Қаламгер сомдаған Бауыржан, Мәлік тұлғалары асқақтықты танытса, Ербол, Меңтай образдары әдебімен оқырманын сүйсінтеді. М. Мәметова, Ы. Сүлейменов, Т. Тоқтаров., т.б. майдангерлер бейнесі қаһармандық мұраттарға жетелейді. Нұршайықов “Махаббат қызық мол жылдар” романы мен “Ескі дәптер”, “Әсем”, “Ботагөз” повестерінде адамгершіліктің әсемдікпен диалектикалық үйлесіміне баса назар аударған, кейіпкерлерінің рухани ізденістерін нанымды суреттеген. Қаһармандық рухтағы “Ақиқат пен аңыз” романы мен “Тоғыз толғау”, “Махаббат жыры”, “Ғажап адам”, “Невель түбінде”, “Великие Луки ұрыстары”, т.б. әңгіме, повестері дерек пен дәйектің, тарихи шындық пен көркемдік шешімнің арақатынасын ашуға бағытталған. И. Буниннің шығармаларын, М. Шолоховтың “Адам тағдыры”, П. Павленконың “Жарияланбаған хат” әңгімелерін, А. Якобсонның “Қорқау” пьесасын, т.б. туындыларды қазақ тіліне аударды. Нұршайықов 2-дәрежелі Даңқ, “Құрмет белгісі”, “Халықтар достығы”, 2-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

Хронологиялық кесте

- **1941 – 1945** жылдары — Қызыл Әскер қатарында соғысқа қатысты. Өлеңдері, әңгімелері мен очерктері майдандық, республикалық, облыстық газеттерде басылды. Соғыстан кейін ҚазМУ-ды бітірген (1949).
- **1953 –1979** жылдары — “Қазақстан пионері” (қазіргі “Ұлан”) газетінің бөлім меңгерушісі, “Социалистік Қазақстан” (қазіргі “Егемен Қазақстан”) газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары,
- **1953–1956** жылдары — Павлодар облысы “Қызыл ту” газетінің редакторы,
- **1961–1963** жылдары — республикалық “Қазақ әдебиеті” газетінің бас редакторы, Қазақ Совет энциклопедиясы тіл, әдебиет және фольклор редакциясының меңгерушісі, Қазақстан ҒА Әдебиет және өнер институтында ғылыми қызметкер болды.
- Алғашқы очерк, әңгімелер жинағы “Алыстағы ауданда” деген атпен **1956** жылы жарық көрді.
- **1980** жылы — жиырмадан астам кітаптары жарық көрген қаламгер “Ақиқат пен аңыз” роман-диалогі үшін ҚР Мемлекеттік сыйлығы **1980** жылы — ҚР халық жазушысы **1987** жылы — “Дорогие памяти” Әскери-патриоттық жинағы үшін А. А. Фадеев атындағы халықаралық сыйлықты алды.
- **2011** жылдың ақпанында қайтыс болды.

Шығармашылығы

- **Әзілхан Нұршайықов.** Ақиқат пен аңыз. Роман диалог. - Алматы, «Атамұра», 2004. — 400 бет. Қазақстанның халық жазушысы, Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әзілхан Нұршайықов — бұрын оқушы қауымға көптеген әңгіме, повесть жинақтарымен, «Махаббат, қызық мол жылдар» атты романымен кең танылған жазушы. «Ақиқат пен аңыз» деп аталатын бұл кітап Ұлы Отан соғысының даңқты қаһарманы, гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлының азаматтық, ерлік тұлғасын мүсіндеуге арналған. Автор Бауыржанның сонау балауса жастық шағынан бері, Совет Армиясының үздік мектебіндегі шындалу кезеңін, Ұлы Отан соғысының отты жылдарынан бастап соңғы күндеріне дейінгі ұлағатты өмір жолын шынайы фактілер аясында қызғылықты баяндайды. Романның жазылу формасы да ерекше: бүкіл оқиға автор мен кейіпкердің диалогі арқылы өтеді.

Эзихан НУРШАЙКОВ

Ақиқат
мен ақиқ



Эзихан НУРШАЙКОВ

Махаббат,
қизик мол
жипсаф

Эзихан



Азильхан
Нуршаихов

ПОРТРЕТЫ

Назарларыңызға Рахмет!

Қортынды.

